	<p>Міндеттері: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.</p> <p><u>“Оқып біліп үйренеміз”</u> әні</p> <p><b>3.Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Міндеттері: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.</p> <p><b>«Суретті жинаңдар» дидактикалық ойыны</b></p> <p><u>Мақсаты:</u> Логикалық ойлау қабілетін, дүниетанымын, танымдық қызығушылығы мен сөйлеу әрекетін дамыту.</p> <p>Дидактикалық материал: Жаңуарлар бейнеленген, бірнеше бөлікке кесілген карточкалар.</p>	<p>Барабастан алыс отыр?</p> <p>Үлестірмелі материалмен жұмыс.</p> <p>- Паровозда неше тіктөртбұрыш және дөңгелек бар? Не артық?</p> <p><b>2.Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Міндеттері: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.</p> <p><b>Ойын:</b> «Сөз ойла, тез ойла»</p> <p><b>Мақсаты:</b> берілген дыбысқа сөз ойлап, сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білу. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту.</p> <p>Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.</p> <p><b>Көрнекі құралдар:</b> кеспе әріптер қалтасы, текшелер салынған</p>	<p>қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.</p> <p><b>«Ертегі кейіпкерлерінің жұбын тап» дидактикалық ойыны</b></p> <p>Мақсаты: Балаларды «жұп» ұғымымен таныстыру.</p> <p>Тақтаға мультфильмнің кейіпкерлері әр жерге ілінген.</p> <p>Балалар бір мультфильмнің екі кейіпкерлерін тауып, оларды жұптастырып қоюлары тиіс. Содан кейін балалар неше жұп болғанын, қайсысы жұпсыз екендігін анықтайды.</p> <p>- Балақай мен Карлсон далаға шығуға дайындалды. Олар өздерімен бірге нені алу керектігін ойланды (спорт құрал – жабдықтары көрсетілген сурет).</p> <p>- Оларға таңдауға</p>	<p><b>2.Музыка</b>Міндеттері: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. <u>“Оқып біліп үйренеміз”</u> әні жаттау</p> <p><b>3.Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Міндеттері: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Затты сипатта»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.</p> <p><b>Көрнекілік құралдар:</b> ыдыс, муляж, сурет (көкөністер, жемістер).</p> <p><b>Ойын барысы:</b> әр түрлі жемістер немесе көкөністер суреттері, муляждарды салынған ыдыстан бала бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, буынға бөледі.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> бала ыдыстан алманы алып, пішінін, түсін, дәмін және т.б. қасиеттерін айтады. Немесе баланың көзін</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «ш» дыбысын анық айтуға жаттықтыру.</p> <p><b>Ойын барысы:</b> балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады:</p> <p>Көпіре гөр көбік шар, Көпіре бер кеңіп-шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарыл4ып. Өленді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі.</p> <p>Тәрбиеші «шар жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен: «ш-ш-ш»-дейді тізерлеп отыра кетеді.</p> <p><b>3.Сурет</b></p> <p>Міндеттері: Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу«Үй құрылысының ретін көрсет»</p> <p>Мақсаты: түстерді ажыратуға жағтықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.</p>
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<p><u>Ойын барысы:</u> 3 жастан бастап балаларға арналған ойын. Балаларға ойын карточкалары беріледі, 2, 3, 4 бөлікке бөлінеді (баланың жасына және қабілетіне сәйкес). Суретті жинап болғаннан кейін, бала қандай жануар жинағанын айтады.</p> <p>Мысалы: Ит - үй жануарлары. Аю - жабайы жануар.</p> <p><b>4.Қоршаған органы танысу</b> Міндеттері: Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті</p>	<p>сандық, текшелер (дыбыстардың дауысты, дауыссыз екендігін білдіретін ерекше белгісі бар).</p> <p><b>Ойын барысы:</b> педагог әріп қалтасынан кез келген бір әріпті көрсетеді. Балалар сол әріптен басталатын сөздерді айтады.</p> <p>Сандыққа бірнеше текше салып қояды. Бала өз қолымен біреуін алып сол дыбыстан басталатын заттарды айтады.</p> <p><b>Мысалы:</b> А – болса: <b>Балалар:</b> Ай, алма, алмұрт, асқабақ, т.б.</p> <p><b>3.Сөйлеуді дамыту</b> Міндеттері: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.</p> <p><b>«Кім тапқыр?» ойыны: (сипаттау арқылы табу)</b></p>	<p>көмектесіндер. Өз таңдауынды түсіндір.</p> <p>- Балақай шаңғы тебуді ұйғарды. Шаңғыны ең қысқасынан ең ұзынына қарай тақтаға қойып шығындар. Барлық шаңғының ұзындығын айтып беріндер. Балақайға шаңғы таңдап беріндер.</p> <p>Педагог балаларға заттарды қатар қою немесе беттестіріп қою арқылы салыстыруға болатындығын естеріне салады.</p> <p>-Енді балақайға шаңғы таяқтарын таңдауға көмектесуіміз керек. Оларды да ең қысқасынан ұзынына қарай қойып шығындар. Шаңғы таяқтарын ұзындығы бойынша атаңдар. Олар қандай?</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b> Міндеттері: Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден</p>	<p>байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенің ажыратады да оны сипаттайды, атын айтады.</p> <p><b>4.Сөйлеуді дамыту</b> Міндеттері: Міндеттері: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. « Ұйқасын тап» Буындық жаттығу / С - 3 дыбыстарын буында ажырату/ Са - са - са – Сара ----- ас - ас - ас - бұйра бас За - за - за – Зада ----- аз - аз - аз - басы таз Сы - сы - сы – сыбдыр ----- ыс - ыс - ыс - келді қыс Зы - зы - зы - зығыр ----- ыз - ыз - ыз – соқты аяз Ойын « Не артық?» / С - 3 дыбыстарын сөзде ажырату/ С - асқабақ, сарымсақ, сәбіз, бұрыш З - қияр, қызылша, пияз, қызанақ</p>	<p>Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.</p> <p>Мазмұны: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды және суретін салуды ұсыну.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b> <b>Міндеттері:</b> Жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелендеп, кедергілерден өту.</p> <p><b>Ойын:«Өз түсінді тап»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды шапшандылыққа, ептілікке, тапқырлыққа баулу.</p> <p><b>Ойынның барысы:</b> Балалар үш-төрт жалауша алады бірі жасыл, екіншісі көк, үшіншісі сары, 4-5 адамнан бөлменін бұрыштарында топтасады. Әр түрлі жалаушалар (жасыл, көк, сары) қояды. «Өз түсінді тап», деген жаңа сигналды бойынша балалар</p>
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<p>дағдыларды игеруге ықпал ету.  <b>«Сиқырлы қапшық»</b>  Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.  Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.  Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.</p>	<p>— Аталар үстіне киеді...  — Шапан (суретін компьютерден көрсету)  — Өзі тәтті, балалар жақсы көреді.  – Шоколад.  – Шашымызды жуамыз.  – Шампун.  «Ш» дыбысын дұрыс естіп ажыратуға арналған жаттығулар орындау.  – Ша-ша-ша-Шаң.  – Шу-шу-шу-шуда.  – Ше-ше-ше-шелек.  – Шө-шө-шө-шөп.  – Ош-ош-ош-ошақ.  – «Шар», «Шуақ», «Шапалақ» сөздерін буынға бөлдіру.  «Ж» дыбыстары бар буындар мен сөздерді қайталау.  Ж-ж-ж-жалау, жаз.  Ж-ж-ж- жол, жоқ.  Жу-жу-жу-жусан.  Жы-жы-ы-жылан.  Жи-жи-жи-жидек.  Же-же-же-жер.  <b>Жаңылтпаш айттыру:</b>  Жақсы қайшы,  Қайсы қайшы ?</p>	<p>жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру  <b>Тауық қорадағы түлкі»</b>  <b>Мақсатты:</b>  Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа, рольдерін сомдай білуге баулу. Ойынға деген қызығушылығын арттыру.  <b>Ойын барысы:</b>  Алаңның бір жағынан тауық қораның орны сызылады тауық қорада тауықтар отырады алаңның қарама қарсы жағында түлкінің іні тұрады .Қалған жердің бәрі қора ойнаушылардың бірі түлкі болады.  Тауықтар тәрбиеші сигнал бойынша тауықтар бағанадан секіріп түседі де,</p>		<p>өздеріне лайықты түстегі жалаушаға қарай жүгіреді.</p>
--	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	-----------------------------------------------------------

		<p>«Дыбысты тап» ойыны арқылы қорытындылау (Бірнеше сөздер тізбегін айтып, сол сөздер ішінде «Ж және Ш» дыбыстары кездессе, қолдарын шапалақтау).</p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b> Міндеттері: Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру</p> <p><b>«Кім жоғын тап»</b> <b>Мақсатты:</b> Балаларды тапқырлыққа, шапшаңдылыққа баулу.</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Ойыншылар көздерін жұмып тұрады. Бастаушы бір баланың иығынан түртеді. Ол қасындағыларға</p>	<p>қораға жүгіріп ойнайды, дән шоқиды, қанаттарын қағады. Тәрбиеші сигнал бойынша түлкі келеді тауықтар қораға қаша жүгіреді, бір тауықты ұстап үйіне қояды. Түлкі екі-үш тауық ұстағаннан кейін, ойын аяқталады.</p>		
--	--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--


		сездірмей саптан кетіп қалады. Бастаушы көздерін ашыңдар деген белгі береді, ойыншылар көздерін ашады да, сапта кімнің жоғын табуға тырысады. Кеткен баланың кім екенін бұрын тапқанын жеңімпаз атанады сол балаға сыйлық тапсырылады.			
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну( ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
<b>Серуен</b>	Құстарды бақылау Мақсаты: балабақша учаскесіне келетін құстарды атау. <b>(коммуникативтік, зерттеу қызметі)</b> 2.Жұптық жүгіру " қимылды ойыны Мақсаты: жұптасып жүгіруді үйрету <b>(ойын, қозғалыс қызметі)</b> 3.Еңбек.	Аспан мен бұлттарды бақылау Мақсаты: "бұлт" ұғымын, ауа-райының бұлттардың болуына тәуелділігін талдау. <b>(коммуникативтік, танымдық қызмет)</b> 2."Сақина лақтыру" қимылды ойын Мақсаты: дәлдікті, көзді, қимылдарды үйлестіруді дамыту.	Гүл бақшасын бақылау Мақсаты: Гүлдер тірі, олар өсіп, өзгереді деген түсінікке ие болу. <b>(танымдық, коммуникативтік қызмет)</b> 2.Қимылды ойын " Жалауға кім жақын?"»	Ауа-райын бақылау Мақсаты: күзгі айларды (қыркүйек, қазан, қараша), маусымдық өзгерістерді атау. <b>(танымдық, коммуникативтік қызмет)</b> 2."Өз жұбыңды тап" қимылды ойын Мақсаты: кеңістікте еркін жүру. <b>(ойын, қозғалыс қызметі)</b> 3. Еңбек.	Желді бақылау Мақсаты: ауа-райының өзгеруін атаңыз. <b>(танымдық, коммуникативтік қызмет)</b> 2.Қимылды ойын "Затейники" «КӨҢІЛГЕР» Мақсаты: қозғалыстарды үйлестіруді дамыту. (ойын, қозғалыс қызметі) 3.Еңбек: участкіге апаратын жолдарды сыпырады. <b>(еңбек қызметі)</b>

	<p>Ересектерге көмек көрсетеді, олардың еңбек нәтижелеріне ұқыпты қарайды. <b>(еңбек қызметі)</b> 4. Жеке жұмыс дене шынықтыру. Мақсаты: қаптарды қашықтыққа лақтыру. <b>(қозғалыс қызметі)</b> 5. Еркін ойындар</p>	<p><b>(ойын, қозғалыс қызметі)</b> 3. Еңбек: участкісіне апаратын жолдарды сыпырады. <b>(еңбек қызметі)</b> 4. Жеке жұм. математика бойынша Мақсаты: заттарды көлемі бойынша топтастыру. <b>(ойын, танымдық, коммуникативтік қызмет)</b> 5. Еркін ойындар</p>	<p>Мақсаты: жылдамдықты, ептілікті дамыту. <b>(ойын, қозғалыс қызметі)</b> 3. Еңбек Құрғақ бұтақтарды жинайды, қоқысты жинайды. <b>(еңбек қызметі)</b> 4. Жеке жұмыс. сөйлеуді дамыту. Ойын " Сіз не көресіз? » Мақсаты: берілген тақырып бойынша ұсыныстар құру <b>(коммуникативтік қызмет)</b>. 5. Еркін ойындар.</p>	<p>Ересектерге көмек көрсетеді, олардың еңбек нәтижелеріне ұқыпты қарауға тәрбиелейді. <b>(еңбек қызметі)</b> 4 Дене шынықтыру бойынша жеке жұмыс. Мақсаты. тар және кең қадаммен жүру. <b>(қозғалыс қызметі)</b> 5. Еркін ойындар..</p>	<p>4.. жұм. математика бойынша жеке жұмыс  Мақсаты: заттарды көлемі бойынша топтастыру. <b>(ойын, коммуникативтік қызмет)</b> 5. Еркін ойындар..</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
<b>Баламен жеке жұмыс</b>	Раяна қазақша дыбыстарды айтқызу	Ернұр дыбыстармен таныстыру	Ерболсын қазақша дыбыстарды қайталау	Диас тақпақты қайталау	Раяна тазалық туралы әңгімелесу
<b>Балалардың өзіндік іс-әрекеті (ұтқырлық ойындары, үстел ойындары, бейнелеу әрекеттері, кітаптарды қарау және т. б.)</b>	Өз беттерімен кітаптарды көру	Лото ойыны	Футбол ойыны	Хоккей ойыны	Пазлдар құрау
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				



**КЕЛІСЕМІН:**

Оқу ісінің меңгерушісі

Абсатова Д.А. **Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тірек мектебі (РО)» КММ

Мектепалды «Айгөлек» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жасЖоспардың құрылу кезеңі: 3-апта 18-22 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 18.09	Сейсенбі 19.09	Сәрсенбі 20.09	Бейсенбі 21.09	Жұма 22.09
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу ( <b>сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет</b> ).				
	<b>Д/ойын:</b> «Вагондарға дөңгелек таңдау» <b>Шарты:</b> суреттердегі вагондарға түсіне қарай дөңгелек таңдайды.	<b>Еркін ойын:</b> «Шкафқа жасыру» <b>Шарты:</b> Шкафқа бір бала ойыншық жасырады, қалған балалар табады.	<b>Д/ойын:</b> «Қайтала» <b>Шарты:</b> Педагогтың артынан пішіндерді сіріңке шиімен қайталайды.	<b>Қ/ ойын:</b> «Ойыншықты тап» <b>Шарты:</b> Жасырылған ойыншықты табады.	<b>Еркін ойын:</b> «Сенде не бар?» <b>Шарты:</b> Қалаған ойыншықтарымен бір-бірімен бөлісіп ойнайды.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.				
Таңертеңгі жаттығу	<b>№2 жаттығулар жинағы (доппен)</b> I. «Тез бағанда!» ойын жаттығуы. Үш бағанға салынған, әр белгінің алдында (текше немесе кегль) өзіндік түсті. Белгі бойынша барлық ойыншылар алаңның (залдың) әртүрлі бағыттарына таралады, 20-25 секундтан кейін мұғалім: «Тез бағанға!» дейді. және әрқайсысы бағандағы өз орнын алуы керек. Тез және дұрыс тізілген баған (2-3 рет) жеңеді. II. Шағын доп жаттығулары • «Допты көтеру»: негізгі позиция, доп сол қолда. 1-2 - қолды екі жаққа жоғары көтеру, допты оң қолға ауыстыру; 3-4 - қолды төмен түсіру және допты оң қолмен солға ауыстыру.				

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «Алға еңкейту»аяқты иықтың енінен бөлек тұрыңыз, доп сол қолыңызда. 1 - қолдар екі жаққа; 2 - алға және төмен еңкею, допты оң қолға ауыстыру; 3 - түзу, қолды екі жаққа; 4 - і.р. Сол сияқты, допты оң қолмен солға ауыстыру.</li> <li>• «Скваттар. негізгі позиция, төменгі оң қолдағы доп. 1 - қолдар екі жаққа; 2 - отыру, допты сол қолға беру; 3 - тұру, қолдар екі жаққа; 4 - рет Дәл солай, доп сол қолда.</li> <li>• «Допты айналдыру»тізерлеп тұрып допты оң қолда 1-8 - допты оңға (солға) айналдыру және допты қарау. Дәл солай, доп сол қолда.</li> <li>• «Допты алыңыз»арқамен жатып, допты екі қолмен бастың артында. 1-2 - оң түзу аяқты көтеру, аяқтың саусағымен допқа тигізу; 3 - 4 - аяқты төмендетіңіз. Екінші аяқпен де солай.</li> </ul> <p>III. Үкі ойыны.</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық (ҰК)</b></p>	<p>Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік)</p>				
	<p><b>«Сикырлы қапшық»</b> Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. <b>(математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)</b></p>	<p><b>«Затты сипатта»</b> <b>Мақсаты:</b>заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту. <b>(танымдық және коммуникативті іс-әрекет)</b></p>	<p><b>« Шатыспақ » ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> есту қабілетін, есте сақтау, сезімталдығын, сөздік қорын дамыту</p>	<p><b>Саусак гимнастикасы "Сикырлы текше"</b> <b>Мақсаты:</b> логикалықойлау қабілетін, шапшаңдығын, ептілігін дамыту және балаларға заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыруға үйрету <b>(математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет)</b></p>	<p><b>«Кім тапқыр?»</b> <b>Мақсаты:</b> берілген тыбыстың орныны таба білуге машықтандыру. Ойын барысында балалары зейінді болуға дағдыландыру. Түстерді тез айырып, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. Достық қарым қатынасты тәрбиелеу. <b>(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет)</b></p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b></p>	<p><b>ҚР Әнұраны</b> <b>1.Математика негіздері</b> Міндеттері: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі,</p>	<p><b>1.Математика негіздері</b> Міндеттері: Сан және санау.</p>	<p><b>1.Көркем әдебиет</b> Міндеттері: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал</p>	<p><b>1.Қоршаған ортаны танысу</b> Міндеттері: Топты және ойын алаңын таза ұстауға,</p>	<p><b>1.Көркем әдебиет</b> <b>Міндеттері:</b> Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну,</p>

<p>өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.</p> <p><b>«Не өзгерді» ойыны №20</b></p> <p>Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p>Мазмұны: Тәрбиеші екі жолақты карточканы тақтаға іліп, бірінші жолағына бір алмұрттың суретін, екінші жолағына көп алманың суретін іледі де, балалармен бірге салыстырады. Содан кейін, керісінше, бірінші жолаққа көп алманы, екінші жолаққа бір алмұрттың суретін іледі. Бұдан не өзгергенін сұрайды.</p> <p><b>2.Музыка</b></p> <p>Міндеттері: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету</p> <p><b>3. Сауат ашу негіздері</b></p>	<p>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>«Біреуі артық» дидактикалық ойын № 5</p> <p>Мақсаты: «Біреу – көп» ұғымын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету.</p> <p>Мазмұны. 1-нұсқа. Балалар барлық карточкалардың арасынан бір зат бейнеленген карточканы тауып, атауын айтады, содан кейін көп зат бейнеленген карточканы көрсетеді. Бір бала жауап береді, қалғандары тексеріп отырады.</p> <p><b>2.Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Міндеттері: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p><b>Ойын: «Үй жануарлары»</b></p> <p><b>Ойын мақсаты:</b> Үй жануарларының дене</p>	<p>ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратуды үйрету.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек.</p> <p>Педагог: Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b></p> <p>Міндеттері: Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>«Дауыстап санау»</p>	<p>ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p> <p><b>«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b>Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.</p> <p><b>Көрнекіліктер:</b> қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.</p> <p><b>2.Музыка</b></p> <p><b>Міндеттері:</b> Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту</p>	<p>себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратуды үйрету.</p> <p><b>«Шыңжырға ертегілерді жинайық»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Шарты:</b> Балаларға таныс ертегі үзінділері оқылады, балалар қандай ертегілер және неше ертегі жинағы тізілгенін айтады.</p> <p><b>Мысалы:</b> "Ата мен әже өмір сүріпті, оларда шұбар тауық болыпты. Бір күні шұбар тауық жұмыртқа беріпті. Әже оны әйнек үстіне суысын деп қойыпты. Ал ата шалқанды тартуға кетіпті. Тартады, тартады, тарталмайды". ("Шұбар тауық", "Бауырсақ", "Шалқан").</p> <p><b>Ертегіні үш сөзден тауып ал:</b></p> <p>1) Қатық, құйрық, сиыр. ("Мақтақыз бен мысық")</p> <p>2) Ешкі, лақтарым, шырақтарым, қасқыр ("Қасқыр мен жеті лақ")</p> <p><b>2.Қазақ тілі</b></p> <p>Міндеттері: Не? Нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру,</p>
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<p>Міндеттері: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Дидактикалық ойын «Қарама-қарсы сөздер»</p> <p><b>Мақсаты:</b> антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру.</p> <p><b>Көрнекілігі:</b> доп, карточкалар.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> педог шеңбер бойымен тұрған балаларға кезекпен допты лақтырып антоним сөздерінің бірін айтады, ал допты ұстап алған бала тәрбиешіге кері лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы сөзді айту керек.</p> <p><b>Мысалы:</b> педагог: «үлкен» десе, бала «кіші» деп, «биік» десе «аласа» деп жауап береді.</p> <p><b>4.Қоршаған ортаны танысу</b></p>	<p>мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> Дөңгелене отырып, ғажайып қалтадан үй жануарларын алып, алған жануардың дене мүшелерін атату, олар туралы мейірімді сөздер айту.</p> <p>Балалар малдың төлдері қандай? (әдемі, сүйкімді.)</p> <p>Қалай еркелетеміз? (ботақан, қошақан.)</p> <p>Төлдер қалай ойнайды. (секіреді, жүгіреді.)</p> <p><b>3.Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеттері:</b> Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p><b>«Қатты-ақырын-сыбырлап»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға қатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету.</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Ойынға 3-5 бала қатысады: тәрбиеші балаларға бір сөзді айтады: оны балалар қатты</p>	<p>дидактикалық ойыны № 21</p> <p>Ойынның мақсаты: Дауыстап санауға, қорытынды санды есте сақтауға үйрету.</p> <p>1-нұсқа.</p> <p>Тәрбиеші үстелді бірнеше рет соғады. Балалар іштерінен санайды. Тәрбиеші 2-3 баладан қанша рет соғылғанын сұрайды, балалар тақтаға цифрымен көрсетеді. Егер жауаптар әртүрлі болса, тағы да соғып, қайта санатады.</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b></p> <p>Міндеттері: Не? Нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту.</p> <p><b>«Жаңылтпаштар»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету.</p> <p><b>Ойынның құрал-жабдықтары:</b> жаңылтпаштар</p>	<p>қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>«Менің балапандарым қайда» (дыбыстық жоғары есту қабілетін дамыту мен бағдарлама материалын бекітуге арналған)</p> <p>Ойын материалы: Төрт үлкен карточка мен бірнеше кішкене карточкалар (ойыншылар саны бойынша). Үлкен карточкаларға қаздың, үйректің, тауықтың, құстың суреттері салынған; кішкентайларына қаздың, үйректің тауықтың, құстың ұядағы балапандары салынған.</p> <p>Ойын барысы: Балалар музыкалық жетекшіге қарама – қарсы жартылай шеңбер жасап отырады, әрқайсының қолында бір – біреуден</p>	<p>жаңылтпаш жаттау, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту. <b>“Топтай біл” ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: Оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, заттарды белгілі бір тақырып бойынша топтай білуге, олардың не үшін қажеттілігін ажыратуға, қатесіз айтуға дағдыландырады.</p> <p>Мәселен: сәбіз, қияр, алма, түйе, жылқы, жүзім, картоп т.б. сөздер беріледі. Оқушылар бұл сөздерді топтап айтаы: Сәбіз, қияр, картоп-көкөністер.</p> <p><b>3.Жапсыру</b></p> <p>Міндеттері: Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеттері:</b> Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.</p>
--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<p>Міндеттері: Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету</p> <p><b>«Мамандықтың бәрі жақсы»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b>Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру ,еңбекті құрметтеуге дағдыландыру,өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Көрнекіліктер:</b>әр түрлі мамандықтар суреттері</p> <p><b>Ойын барысы:</b> суреттер тактаға іленеді. Бала өзі қалаған мамандығын қарап алады да,сол мамандық туралы әңгімелейді. Неге ұнататынын,қандай жақсылығы барлығын әңгімелейді.</p>	<p>дауыспен,ақырын дауыспен және сыбырлап айтуы керек</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеттері:</b> Жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп, кедергілерден өту.</p> <p><b>Ойын: «Күн шұғыласы»</b> Мақсатты: Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке, ұқыптылыққа үйретіп, ойынға деген қызығушылығын арттыру</p> <p>Ойынның барысы: Бұл ойынға балалар түгелдей барлығы қатысады. Педагог өзінің жанына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғасын түсіреді де: Қабырғанда елбеңдеп, Ойнайды сәуле құбылып. Бімдасаң болды сен «кел» деп, Жетеді демде жүгіріп.</p>	<p><b>Ойын барысы:</b></p> <p>тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеттері:</b> Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім зейінді?» Ойынның шартын түсіндіреді. Капитанның артынан төрт тізбекке тұру. Спорт түрлеріне байланысты төрт командаға бөлінеді (балалардың қалауы бойынша). Капитандардың қолдарында доп болады (төрт капитан – төрт түсті доп). Балалар зал бойынша жүгіріп жүріп, белгі берілгенде тізбекке</p>	<p>кішкентай карточка бар.</p> <p><b>3.Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Міндеттері: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p>Дидактикалық ойын: <b>«Артығын тап.»</b></p> <p><b>Ойын мақсаты:</b> Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> Балалардың алдына аңдардың суреті бар конверт таратылады.Балалар суретті алып ненің артық екенін ажыратып табулары керек.</p> <p><b>4.Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеттері:</b> Сөйлемдердегі сөздерді: зат</p>	<p>«Қазақстан жануарлары» ойын-жаттығуы – (музыка әуеніне сай әртүрлі жануарлардың жүрісін салады). Тізбекте бір-бірден тұрып, аңдардың жүрісін, жүгірісін салып жүреді, жүгіреді, түрлі тапсырмаларды орындайды. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады</p>
--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

		<p>Сәл үзіліс жасайды да: «Сәулені ұстандар» деген сигнал береді. Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтандап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады.</p>	<p>келіп тұрады. Сонан соң көздерін жұмады, осы кезде капитандар орындарын стырады. Белгі бойынша өз капитандарын жылдам табулары және капитанның артына бір тізбекке тұрулары тиіс немесе малдас құрып отырады, өкшемен отырады</p>	<p>есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.  <b>«Аттар тұяқтарымен тарсылдатады»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «р» дыбысын анық айтуға жаттықтыру.  <b>Көрнекіліктер:</b> Аттар суреті және ойыншығы.  <b>Ойын барысы:</b> Тәрбиеші « аттар жолда жүргенде тұяқтарымен тарсылдатады» (тілмен таңдайын қағып көрсетеді) балаларға да тілдерімен таңдайларын тақылдатып қағуды ұсынады. Балалар тілдерімен таңдайларын қағып дәл аттардың жүргенде тұяқтарымен</p>	
--	--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--


				тарсылдатып жүргенін салады « аттар тұяқтарымен тарсылдатады»	
